

Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу әрі бекіту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 141 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы 19-2/508 бұйрығын **қараңыз.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу әрі бекіту ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

6

а қ п а н д а ғ ы

N

1 4 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу және бекіту Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу және бекіту ережесі Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу әрі бекіту тәртібін белгілейді.

2. Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету жүйесі Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалары мен нормаларын, басқа да нормативтік құқықтық актілерін қамтиды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қ а у л ы с ы м е н .

3. Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптары Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес әзірленеді.

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
өлшемдер орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттау - өлшемдер орындау әдістемесінің оған қойылатын метрологиялық талаптарға сәйкестігін а н ы қ т а у (р а с т а у) ;

өлшемдер орындау әдістемесі - орындалуы осы өлшемдер орындау әдістемесі белгілеген дәлдікпен өлшемдер нәтижелерін алуды қамтамасыз ететін операциялар мен ережелер жиынтығы.

5. Суды бақылау мен есепке алу үшін пайдаланылатын өлшемдер орындау әдістемесі өлшемдер бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі тізілімінде міндетті метрологиялық аттестаттау мен тіркеу рәсімдерінен өтеді.

6. Суды бақылау мен есепке алу үшін пайдаланылатын өлшемдер орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттауды аккредиттелген заңды тұлғалар стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу және бекіту

7. Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын

әзірлеу Қазақстан Республикасы заңнамасының, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға және қолданыстағы мемлекеттік стандарттау жүйесі стандарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу кезінде ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, тәжірибелік-технологиялық, жобалау жұмыстарының нәтижелері, патенттік зерттеулердің нәтижелері, отандық және шетелдік ғылымның, техника мен технологияның қазіргі жетістіктері туралы ақпарат пайдаланылады.

9. Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеуді:

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша суды бақылау мен есепке алуды метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік-техникалық актілер жобаларын дайындау шеңберінде;

су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жер беті суларын бақылау мен есепке алу мәселелері бойынша нормативтік-техникалық актілер жобаларын дайындау шеңберінде;

жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті орган су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша жер асты су қорларын бақылау әрі есепке алу мәселелері бойынша нормативтік-техникалық актілер жобаларын дайындау шеңберінде;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган су қорын пайдалану мен қорғау және стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органдармен келісім бойынша судың санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін бақылау әрі есепке алу мәселелері бойынша нормативтік-техникалық актілер жобаларын дайындау шеңберінде.

10. Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптары қамтылатын нормативтік-техникалық актілер жобаларын осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органдарда қарау және келісу мерзімі 30 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

11. Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптары қамтылатын нормативтік-техникалық актілерді осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органдар олардың құзыретіне сәйкес бекітеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК